

**Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің
Қоғамдық кеңесі отырысының
ХАТТАМАСЫ**

Астана қаласы
ZOOM

№ 7

2024 жылғы 5 шілде
сағат 15.00

Төрағалық етті: А.Ж. Бикебаев

Қатысқандар: *тізім бойынша*

1. Тергеп-тексерулер және тауар нарықтарына талдау жүргізу шеңберінде ақпаратты талап ету практикасы, сондай-ақ Агенттіктің ақпараттық ашықтығын арттыру мәселесі

1.1. А.Т. Айтжановтың тергеп-тексеру және тауар нарықтарына талдау жүргізу шеңберінде ақпаратты талап ету кезінде проблемалардың болуына, сондай-ақ Агенттіктің ақпараттық ашықтығын арттыру мәселесіне қатысты ақпараты назарға алынсын.

1.2. А.Т. Айтжановтың ақпаратын ескере отырып, Агенттікке Агенттік жүргізетін жоспарлы талдаулар шеңберінде сұрау салу нысанын біріздендіру ұсынылсын.

1.3. А.Ж. Бикебаевтың, А.Т. Айтжановтың, М.И. Дурманованың Агенттік қызметін ақпараттық жария етуге қатысты пікірлерін ескере отырып, Агенттікке «халық үніне құлақ асатын» мемлекет тұжырымдамасы шеңберінде Агенттіктің қызметін БАҚ-та жария ету бойынша жұмысты жетілдіру жөнінде шаралар қабылдау ұсынылсын.

2. «Самұрық-Қазына» Қоры мен оның еншілес құрылымдарын кезең-кезеңімен монополиясыздандыру және жекешелендіру мәселелерін талқылау. Қордың және оның еншілес құрылымдарының «сары парақтар қағидаларын» сақтауы мәселелері

2.1. Экономикалық шоғырлану және мемлекеттік кәсіпорындарды бақылау департаментінің директоры Ж.М. Ермағамбетовтің «Самұрық-

Қазына» Қорын және оның еншілес құрылымдарын кезең-кезеңімен монополиясыздандыру және жекешелендіру мәселелеріне, сондай-ақ Қордың және оның еншілес құрылымдарының «сары парақтар қағидаларын» сақтауы мәселелеріне қатысты ақпараты назарға алынсын.

2.2. А.К. Жалкеевтің қызметтерді бәсекелестік емес тәсілмен сатып алуға тыйым салуды енгізу қажеттілігі туралы түсіндірмесі назарға алынсын.

2.3. Ұсынылған түсіндірмелерді ескере отырып, Агенттікке Жекешелендіру жөніндегі ұлттық офистің қарауына шығарылғанға дейін барлық материалдарды Агенттіктің Қоғамдық кеңесінің отырысында қарау ұсынылсын.

3. «Самұрық-Қазына» АҚ тобына кірмейтін компаниялар қызметінің мониторингі нәтижелерін қарау және талқылау

3.1. Экономикалық шоғырлану және мемлекеттік кәсіпорындарды бақылау департаментінің директоры Ж.М. Ермағамбетовтің «Самұрық-Қазына» АҚ тобына кірмейтін компаниялар қызметінің мониторингі нәтижелеріне қатысты ақпараты назарға алынсын.

3.2. В.Н. Микрюковтың түсіндірмелерін ескере отырып, Агенттікке «ҚазҚСҒЗИ» АҚ, «ҚазжолҒЗИ» АҚ және құрылыс қызметі саласындағы өзге де ведомстволық бағынысты ұйымдарға қатысты монополияға қарсы заңнаманы, оның ішінде «сары парақтар қағидаларын» сақтау тұрғысынан мониторинг жүргізу ұсынылсын.

4. Тариф белгілеудің ынталандырушы әдісін енгізу

4.1. Д.С. Исмаиловтың тариф құрудың ынталандырушы әдісін енгізуге қатысты ақпараты назарға алынсын.

4.2. Д.С. Исмаиловтың Агенттіктің Қоғамдық кеңесі мүшелерінің нормативтік құқықтық актілер жобаларына берген ескертулеріне Агенттік қызметкерлері тарапынан кері байланыстың жоқтығы туралы қайта ескертуіне Агенттік назар аударсын.

Төраға



А. Бикебаев